

Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті

Ақпараттық-технологиялар және экономика факультеті

«Бизнес және басқару» кафедрасы

8D04105 –Экономика

**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР  
КАТАЛОГЫ**

түскен жылы – 2021

«Бизнес және менеджмент» кафедрасында әзірленді  
Кафедра отырысында қарастырылды.

хаттама № 9 «07» 04 2021 жыл.

«Бизнес және басқару» кафедрасының меңгерушісі А Аимкулов Р.А.

Факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында қарастырылды  
хаттама № 5 «20» 05 2021 жыл.

Факультеттің ОӘК төрайымы Ш Шойбақова Е.О.

Университеттің Оқу-Әдістемелік Кеңесінде бекітілді.

Хаттама № 5 «20» 05 2021 жыл.

ОӘК төрайымы Ж Жарықбасова К.С.

Эдвайзер Д Дюсембинова Ж.С.



Берілетін дәреже: 8D04105 Экономика білім беру бағдарламасы  
бойынша философия докторы (PhD)

**Білім беру бағдарламасы:**  
8D04105– Экономика

Таңдау пәні реттік №	Пәннің аталуы	Кредит саны	Пререк визиттер	Пострекви зиттер	Пәннің қысқаша мазмұнамасы, оқу мақсаты және күтілетін нәтижесі (білім, қабілеті, дағдылары, компетенциясы)
<b>БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР</b>					
<b>Таңдау компоненті (ТК)</b>					
1	Экономикалық пәндерді оқытуды ұйымдастыру және әдістемесі	5	Игерілген магистрат ура бағдарламалары	Докторлық диссертация жазуды қоса алғанда, докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау	<p><b>Мақсаты:</b> докторанттарға экономикалық теорияны тануға педагогикалық үдерісті басқарудың элементтері мен жалпы түсініктерін қолдануға үйрету, әдістемелік тәсілдердің көмегімен оқу үрдісінің негізгі формаларында (дәрістер, семинарлар, өзіндік жұмыс, білімді бақылау) олардың ойлау әрекетін белсендендіру, оларға оқу сабақтарының әдістемелік әзірлемелерін дайындауға көмектесу.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны:</b> Экономикалық пәндерді оқытудың дидактикасы мен әдістемесі. Экономикалық пәндерді оқытудың әдістемелік аппараты. Экономикалық пәндерді интеграцияланған оқыту әдістемесі.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p><b>Білімдер:</b> экономикалық пәндерді оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін білу; ғылыми ақпаратты оқу ақпаратына түрлендірудің, оқу материалының мазмұнын құрылымдау мен іріктеудің дидактикалық негіздерін білу.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> тиісті тақырыптар мен бөлімдерді зерделеу кезінде оқытудың әдістері мен тәсілдерін неғұрлым тиімді қолдана отырып, экономикалық пәндер бойынша нысан бойынша әртүрлі сабақтар әзірлеуге және өткізуге қабілетті болу.</p> <p><b>Дағды:</b> экономикалық білімді объективті диагностикалау мен бағалаудың негізгі әдістерін; экономикалық ақпаратты зерделеу мен игеру ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін жандандырудың практикалық</p>

					дағдыларын меңгеру. <b>Құзыреттіліктер:</b> арнайы
1	Халықаралық экономиканы зерттеудің эмпирикалық әдістері	5	Игерілген магистрат ура бағдарламалары	Докторлық диссертация жазуды қоса алғанда, докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау	<p><b>Мақсаты:</b> докторанттардың халықаралық экономика саласындағы теориялық білімі мен практикалық проблемаларды талдау дағдыларын меңгеруі.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны:</b> Зерттеудің эмпирикалық әдістері: жіктеудің негізгі ұғымдары мен принциптері. Бақылау зерттеудің эмпирикалық әдісі ретінде. Сапалы зерттеулер жүргізудің әдіснамасы және оны ұйымдастыру. Халықаралық экономика мен маркетингте бақылау әдісін қолдану тәжірибесі. Экономикалық эксперименттің түрлері мен сипаттамалары. Материалдық (классикалық) және есептеу эксперименті. Ғылыми зерттеулердегі эксперименттің рөлі мен маңызы.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p><b>Білімдер:</b> эмпирикалық зерттеулерді жүргізудің әдіснамасы мен ұйымдастырылуы.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> ғылыми жұмыста эмпирикалық зерттеу әдістерін қолдану, бастапқы деректерді жинау мен өңдеуді жүзеге асыру, оларды талдау үшін жарамды түрге, оның ішінде ақпараттық технологиялар мен жүйелер арқылы түрлендіру.</p> <p><b>Дағды:</b> бастапқы деректерді өңдеу технологияларын, зерттеу нәтижелерін талдау және визуализациялау әдістерін меңгеру.</p> <p><b>Құзыреттіліктер:</b> арнайы</p>
<b>БЕЙІНДЕУШІ ПӘНДЕР</b>					
<b>Таңдау компоненті (ТК)</b>					
1	Бизнес пен менеджменттің заманауи үлгілері	5	Экономик алық зерттеулер әдіснамасы, бизнес процестер ді экономик	Докторлық диссертация жазуды қоса алғанда, докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын	<p><b>Мақсаты:</b> "Экономика" БББ докторанттарының Қазақстан экономикасының корпоративтік және коммерциялық салаларындағы кәсіпкерлік құрылымдарды басқару стратегияларын қалыптастыру және іске асыру процесінде қазіргі заманғы басқарушылық тәсілдерді, бизнес-модельдеу, мемлекеттік реттеу құралдарын қолдану, қаржылық, материалдық және өзге де ресурстарды пайдалануды ұйымдастыру құзыреттерін меңгеруі.</p>

			<p>алық-математикалық модельдеу.</p>	<p>орындау</p>	<p><b>Пәннің қысқаша мазмұны:</b> Бизнес-модельдер тұжырымдамасы. Бизнес-модельдердің даму эволюциясын талдау. Пайдалану бағыттары және бизнес-модельдерді құрудың заманауи тәсілі. Іздеу алгоритмі, модельді таңдау және құрылымы. Бизнес-модельдерді болжау.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p><b>Білімдер:</b> басқару стратегиясындағы компаниялардың бизнес-модельдерін құру қағидаттары, оларға тән белгілер, таңдау факторлары және трансформациясы; бизнес-модельдер эволюциясының негіздері, жіктеу критерийлері; менеджмент пен меншік иелерінің өзара қарым-қатынасының модельдері, ұтымды стратегиялар мен тактикаларды таңдау критерийлері, олардың өзара іс-қимылы; коммерциялық саладағы мемлекеттік-корпоративтік әріптестік жобаларын әзірлеу және іске асыру құралдары; коммерциялық ұйымдар қызметінің стратегиясы мен тактикасын әзірлеудегі негізгі тәсілдер.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> бизнес-модельдің компания стратегиясымен байланысын орнату; пайдаланылатын бизнес-модельді сәйкестендірудің әртүрлі құралдары мен рәсімдерін қолдану; коммерциялық құрылымдарда бизнес-модельдерді қалыптастыру ерекшеліктерін түсіну; интеграцияланған корпоративтік құрылымдарды құру құралдарын қолдану; корпоративтік үлгідегі коммерциялық құрылымдарды дамытудың перспективалық (стратегиялық) бағыттарын, оның ішінде бірігу (қосып алу) стратегияларын іске асыру, стратегиялық альянстарға қатысу арқылы айқындау; коммерциялық және корпоративтік құрылымдардың стратегиялық әлеуетін, холдинг үлгісіндегі коммерциялық құрылымдарды (холдингтерді) басқару тиімділігін бағалау; тиімді Директорлар кеңесінің стратегиялық рөлін бағалау; мемлекеттік-корпоративтік әріптестік жобаларына, оның ішінде коммерциялық салаға қатысты қатысуды қоса алғанда, корпоративтік құралымдарды дамытуға қатысты стратегиялық шешімдер қабылдау; ішкі және корпоративаралық</p>
--	--	--	--------------------------------------	----------------	---

					<p>жанжалдарды шешудің көздері мен тәсілдерін анықтау.</p> <p><b>Дағды:</b> басқару жүйесінде инновациялық бизнес-модельді жобалаудың практикалық дағдыларын; тиімді бизнес-модельдерді әзірлеу мен іске асырудың практикалық дағдыларын; коммерциялық ұйымдардың функционалдық кіші жүйелері бойынша талдау жұмысын жүргізу тәсілдерін; ұйымдардың стратегияларын әзірлеу мен енгізу кезінде көрсеткіштердің теңгерімді жүйесі құралдарын қолданудың практикалық дағдыларын және технологияларын; корпоративтік құрылымдардағы, оның ішінде меншік иелері мен топ-менеджмент арасындағы, меншік иелері, топ-менеджерлер мен мемлекеттік билік пен реттеу органдары арасындағы қақтығыстарды басқару әдістері, сондай-ақ ұйымаралық деңгейдегі қақтығыстар.</p> <p><b>Құзыреттіліктер:</b> кәсіби.</p>
1	Қазіргі менеджменттің негізгі тұжырымдамалары	5	Экономик алық зерттеулер әдіснамасы, бизнес процестерді экономик алық-математикалық модельдеу.	<p>Докторлық диссертация жазуды қоса алғанда, докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау</p> <p><b>Мақсаты:</b> докторанттардың экономика салаларындағы ұйымдық құрылымдарды басқару стратегияларын қалыптастыру және іске асыру процесінде менеджменттің негізгі тұжырымдамаларын, басқару құралдарын қолдану, басқа ресурстарды пайдалануды ұйымдастыру құзыреттерін меңгеруі.</p> <p><b>Пәннің қысқаша мазмұны:</b> Белгісіздік пен макроэкономикалық сын-тегеуріндер жағдайында менеджментті дамытудың заманауи трендтері. Менеджмент туралы қазіргі заманғы көзқарастар жүйесінің негізгі сәттері. Әлеуметтік-экономикалық жүйелерді басқару процесінің модельдері.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p><b>Білімдер:</b> менеджмент, ақпараттық менеджмент және сапаны басқару теориясы туралы білім жүйесі; менеджменттің заманауи әдістері және оларды басқарушылық қызметте қолдану туралы; ақпараттық ресурстарды басқарудың принциптері мен әдістері туралы.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> ақпарат қозғалысы процесінің жекелеген элементтері арасындағы тиімді өзара байланысты</p>	

				<p>анықтау және тұтастай алғанда өнім мен кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасау.</p> <p><b>Дағды:</b> практикалық қызметте жетілдіру құралдарын пайдалану дағдыларын меңгеру; кәсіпорынның ақпараттық жүйесінің қызметін өз бетінше ұйымдастыру және ақпараттық процесті ұйымдастыруға және басқаруға байланысты мәселелерді шешу дағдыларын меңгеру.</p> <p><b>Құзыреттіліктер:</b> кәсіби.</p>
--	--	--	--	---

**8D04105 Экономика білім беру бағдарламасы үшін  
таңдау компоненттері пәндерінің тізбесі**

**Оқыту түрі: күндізгі .**

<b>Пән аталуы</b>	<b>Пәннің коды</b>	<b>Кредит саны</b>	<b>Семестр</b>
<b>БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР</b>			
<b>Таңдау компоненті 1</b>			
		5	
Экономикалық пәндерді оқытуды ұйымдастыру және әдістемесі	OMPED7203	5	2
Халықаралық экономиканы зерттеудің эмпирикалық әдістері	EMIME7203	5	
<b>БЕЙІНДЕУШІ ПӘНДЕР</b>			
<b>Таңдау компоненті 1</b>			
		5	
Бизнес пен менеджменттің заманауи үлгілері	SMBIM7304	5	2
Қазіргі менеджменттің негізгі тұжырымдамалары	KKSM7304	5	